ЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

І ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

вгуст Жума | жеке саны 20 тыйын. Шығуына 33 жыл

Соғыс-Теңіз Флоты Күні қарсаңында

Елде Соғыс—Теңіз Флоты Күніне әзірлік кеңінен өрістеп стыр. Кәсіпорындарында, колхоздарда және мекемелерде мерекеге арналған лекциялар, баяндамалар жасалуда және әңгімелер өткізілуде.

Москвада Совет Армиясының Орталық Музейіне келушілер көбейе түсті. Мұнда Соғыс—Теңіз Флоты жөнінде көпте ген экспонаттар бар. Музей материалдары совет флотының тууы жөнінде баяндайды. Музейге келушілер Совет өкметінің жауларына қарсы күрескен жас Қызыл Армияның карамағындағы Еділ флотилиясының алғашқы жауынгерлік кемелерінің үлгілерін зейін коя карайды. Біркатар документтер, фотосуреттер совет теңізшілерінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктерін көрсетеді. Сол сыяқты, музейдің экспонаттары Совет Қарулы Күштерінің соғыстан кейінгі кездегі құрылысын суреттейді.

Киевтің еңбекшілері мерекеге қызу әзірленуде. Армияға, Авиацияға, Флотқа көмектесу ерікті қоғамдарының бастауыш ұйымдарында «В. И. Ленин мен И. В. Сталин—ССРО Соғыс—Теңіз Флотын құрушылар және басқарушылар», «ССРО—ұлы теңіздік мемлекет», «Соғыс—Теңіз Флоты Ұлы Отан соғысы жылдарында» деген және басқа тақырыптарда лекциялар, баяндамалар оқылуда. Кітапханаларда, клубтарда және партия кабинеттерінде бүкілхалықтық мерекеге арналған әдебиет көрмелері, сурет витриналары ұйымдастырылған.

6 август (СОТА).

тері

жергілікті пар-
ының басты мін-
ты совет жаста-
ында жақсы жаб-
оқуын камтама-
ы.

баталуына аз уа-
тан облысымызды
у жылына әзірлік
ғысыз, әрі баяу
- селолық Советтер
ның мектептерге
дарынан көптеген
тердің алдағы оқу
ыдай болмай отыр.
шім, Конюхов ау-
ұмыстардың қар-
ітілмесе, көптеген
ына әзірліксіз кіріс
ұл аудандарда мек-
тын дайындау жұ-
лға да алмай отыр-
ес. Істің жайы со-
лған аудандардың
Совет атқомдерінің
нко, Девятко, Фи-
ық оқу бөлімдерінің
Гамов, Брек жол-
рді дереу жойып,
ойдағыдай аяқтау-

Облысымыздың егін даласында

Астық—мемлекетке

Бұл күндері Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің астық қырмандарында қызу еңбек думаны. Қырманға комбайн агрегаттарынан астық тоқтаусыз жеткізіліп жатыр. Астық тазартуда жүрген колхозшылар қажырлы еңбектің үлгілерін көрсетуде.

—Мария, қыймылда!

—Сенен қала қоймаспын, Анна!

Міне, қырмандағы астық тазартушылар арасында бәсеке емес, еңбек өнімін арттыру жолындағы социалистік жарыс осылайша кеңінен өріс алуда. Ал, өзара социалистік жарысқа түскен Мария Мироненко мен Анна Мутницкая жолдастар — астық тазартушылар арасындағы үздік озаттар. Астық тазартатын басқа 8 машинадағы колхозшы әйелдер арасында да жарыс туы мейлінше жоғары көтерілуде.

Бұлар—қырманда астықты күндіз-түні бірдей тазалап жүргендер.

Колхоз бүркағы күні және кеше 10 келіктен дайындау орнына бірінші парызды өтеу есебіне 1000 пұт астық жеткізді. Кәзір дайындау орнына жөнелту үшін қырманда 200 центнердей астық жұмыс талып жатыр.

Колхозда 170 гектар күздік егін жый-

Жемшөп дайындау жұмысының қарқыны бәсеңдетілмейтін болсын!

☆ ☆ ☆



Явленка ет-сүт совхозының бірінші фермасында шөп байлайтын машина жұмыс істейді. Бұл машина смена сайын 50 тонна шөп байлайды.
СУРЕТТЕ: совхоз фермасында шөп байлап жатқан кез.
Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Жастардың қажырлы еңбегі

Ворошилов атындағы колхоз —Преснов ауданындағы жемшөп дайындауды ойдағы дай ұйымдастырып отырған шаруашылық тардың бірі. Мұнда жемшөп дайындау жоспарының 70 проценті орындалды. Кол хоз мүшелері 30 мың центнерден аса шөп ті шауып, маяға салды.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жем шөп дайындауда колхоздың комсомолецтері мен жастары қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде. Мәселен № 4 бригадада комсомолец Александр Спилин басқарған маяшылар звеносы күн сайын 150 центнер шөпті маяға салып келеді. Ал, комсомолец Михайл Малютин жолдас шөп шабу да күнделікті тапсырманы үнемі артық орындауда.

Т. МУСИН.

Ауандардың жемшөп дайындаудағы

Олқылыққа төзімділік жасап отыр

Булаев аудандық ауылшаруашылық бө-

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жөніндегі социалистік жарыста Совет ауданы алда келе жаткандығын атап айту қажет. Мұнда 50 мектеп үйі жөнделіп болып, 15 мың сомның оқу және көрнекі құралдары сатып алынған. Жаңа оқу жылына әзірлік ісі Ленин, Соколов, Булаев аудандарында да ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Оқу жылы басталуға санаулы ғана күндер қалды. Енді үш аптадан кейін жазғы демалыс кезінде көңілді дем алған шат көңілді жас ұрпақтарымыз мектептерге барып, жаңа күш- жігермен өздерінің сүйікті ісі —оқуға кіріседі. Оқу бөлімдері мен ауыл -селолық Советтердің, алмай отырғандығы мектептердің қыска әзірлік жұмыстарының қарқынын дереу күшейтуді талап етеді. Сондықтан партия, совет ұйымдары мен оқу бөлімдері оқу жылына әзірлік ісінде болып келген кемшіліктерді дереу жойып, барлық мектептердің оқу жылына үлгілі әзірлікпен кірісуін қамтамасыз етулері керек.

Оқу жылын барлық жағынан жақсы әзірлікпен қарсы алып, жас ұрпақтарымызға сапалы білім, коммунистік тәрбие беруде жаңа оқу жылында мектептеріміз бен оқытушыларымыздың жұмысының жемісті болуына, олардың оқу сапасын үздіксіз жақсарта беруіне қолайлы жағдай туғызайық!

Магистральдің озат бөлімшелері

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Шалқар бөлімшесінің транспортшылары Орынбор темір жолында бірінші орынға ие болды. Олар быйыл жолдың және жол кәсіподағының ауыспалы Қызыл Туын бесінші рет алды.

—Поездардың жүру графигін шалқарлықтар 98—100 процент орындайды. Тепловоз паркін тығыздатылған дербес график бойынша істеуге көшіру локомотивтердің орта тәулікті жүрісін 15—20 километр арттыруға мүмкіндік берді.

Тепловозшылар өздерінің міндеттемелерін аброймен орындауда. Мерекеқарсаңында олар ауыр жүк тиелген 600-ден аса поезд жүргізіп, тапсырмаға қосымша жүздеген мың тонна жүк тасыды. Машинистер Подольский, Шубенков, Данилов, Саран, Тихонов, Айтжанов, Леонтьев жолдастар өздерінің ауыр салмақты поездарды жүргізудің шебері екендіктерін көрсетті. Олар салмағы нормадан 500 тонна асатын поездарды жүргізеді, сапар сайын 400 килограмға дейін отын үнемдейді.

(Металды, ағаш материалдарын үнемдеп жұмсаудың, запас бөлшектерді қайта қалпына келтірудің есесінен олар 4 миллион сомнан аса мемлекет қаржысын үнемдеді.

Механикаландырылған қырман

САРҚАНД. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Быйыл Сарқанд ауданының Киров атындағы, «Красная степь» «Производственная смычка» ауылшаруашылық артельдері механикаландырылған қырман жасады. Қазір аудандағы 16 колхоздың 10 колхозы астықты машина күшімен тазартады, өлшейді және машинаға тиейді. Қырмандарды механикаландыру дәнді сорттауды шаншаңдатады, жұмысшы күшінің жұмсалуын азайтады.

Жұмысты механикаландыруға рационализаторлар белсене қатысуда. «Энергия» ауылшаруашылық артелінің ұсталары мен балташылары веялка мен ВИМ машинасын жалғастыратын тетік жасады, сейтіп веялкалардың жұмыс өнімділігін арттырды. Бұл бірнеше адамның қолын босатты. Тек астық жыйнау науқаны кезінің өзінен колхоз мыңнан аса еңбеккүн үнемдейді.

Астық тазалауды механикаландыру ауданның ауылшаруашылық артельдерінде 250 колхозшыны басқа жұмыстарға пайдалануға мүмкіндік берді.

орындалады,—деп Маир колхоз төрағасы Мақышев жолдасқа қарап езу тартты.

...Маир жолдас МТС-тен комбайнды қабылдап алғанда өзіне көтеріңкі міндеттеме алған-ды. Қазір ол алған міндеттемені аброймен орындау жолында жанаямай еңбек етуге білек сыбана кірісті.

М. ӘКІМЖАНОВ,

Преснов ауданы, «Сталин жолы» колхозы.

не шен сүрлеу қарқыны ... де өте-мөте қанағаттанғысыз болды. Сөйтіп, ауданды жалпы алғанда жемшөп дайындау жөніндегі жоспардың орындалуы 34 процеттен аздап қана асты.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын дайындаудың барысында қарқынды үдету орнына, бәсеңдетіп отырғандардың бірі —Совет ауданының колхоздары. Бұл аудан алғашқы кезде 6-және 7-орындарда келе жатыр еді. Ал, соңғы бескүндіктің қорытындысында 10-орынға түсті. Аудан бойынша жемшөп дайындау жоспарының орындалуы 39,7 процент қана. Бұл соңғы бескүнде мұнда жемшөп

Спартакиада туы көтерілді

АЛМАТЫ, 3 август. (ҚазТАГ). Бүгін Қазақстанның астанасында үлкен спорт мерекесі —Бүкілқазақстандық VI спартакиада ашылған күн.

Алматылықтар Бүкілқазақстандық VI спартакиаданы асыға күтті. Міне, 3 августа күндізгі сағат төртте, «Динамо» стадионының футбол алаңында әртүрлі спорт кастюмдерін киген, күшті әрі сымбатты, күнге күйген жас жігіттер мен қыздар сапта тұр. Жүз мың шамалы спортшылар қатысқан аудандық, қалалық және облыстық жарыстардың жеңушілері өз облыстары коллективтерінің намысын қорғау үшін спартакиадаға жыйналды.

Парадты Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары А. Д. Гарагаш жолдас қабылдауда. Ол республиканың үкметі және ҚК(б)П Орталық Комитеті атынан физкультурашыларды құттықтап, оларды спортта жаңа табыстарға жетуге шақырды. Өзінің сөзін Гарагаш жолдас Совет үкметінің, большевиктік партияның, физкультурашылардың таңдаулы досы ұлы Сталиннің құрметіне ұран тастаумен аяқтады.

Стадионда көп дауысты «ура» ұзаққа созылды.

Салтанатты минут туды. Совет Одағы Гимнінің және Қазақ ССР Гимнінің үні естілді. Мачтаның ұшар басына желге желбіреп Бүкілқазақстандық VI спартакиаданың туы көтерілді. Қызыл, көк, жасыл ракеталар көкке ұшты. Алаңға жас пионерлер жүгіріп шықты. Олар спартакиадаға қатысушыларға үлкен гүл байламын тапсырды.

Салтанатты марш басталды. Оналты облыстың жыйынтық коллективтерінің маршын Бүкілқазақстандық V спартакиаданың жеңушілері —Алматының спортшылары ашты. Қазақстан астанасы командасының құрамында республиканың ең күшті боксшілері А. Үсенов, И. Хасанов, Г. Рожков бар. Олармен қатар волейболшы чемпиондар —слесарь П. Перепелицын, цех мастері П. Волков. Солтүстік Қазақстанның спортшылары арасында — тамаша волейболшы, Петропавл педагогика училищесінің оқытушысы Р. Глушкова.

Спартакиада ашылды. 2400-ден артық спортшылар спорттың онекі түрі бойынша республикада бірінші орын алу үшін сынасуға түсті.

Спартакиада ашылған күні төменгі топтарда баскетболдан алдын ала ойнау аяқталды. Әсресе, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары командаларының кездесуі өте- мөте қызықты өтті. Жарыстың алғашқы жартысы қарағандылықтардың пайдасына шешілді. Үзілістен кейін есеп 24:24 болып, теңбе-теңге түсті. Одан кейін —30:30. Ойынның аяғына 3 минут қалғанда— Шығыс Қазақстанның баскетболшылары 3 очек алда болды. Қарағандының спортшылары бірнеше сәтті шабуылдар жасап, есепті теңестірді, одан соң 4 очек ұтты, ақырында жеңіп шықты.

Осы сыяқты, алғашқы төрт орынның волейбол бойынша жарысына қатысушы командалар да белгіленді. Ерлер арасынан бұл правоға алматылық, актөбелік шығыс қазақстандық және солтүстік қазақстандық спортшылар, әйелдерден — Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының волейболшылары не болды.

«Орталық» стадионында жеңіл атлетика бойынша жарыс басталды. Алдын ала 100 метрге жүгіруде алматылық Г. Лысенко (12,5 секунд) алда келді. Ерлер арасынан озған Ф. Григораш, оның уақыты 11,6 секунд (алматылық).

28 гвардияшы -панфиловшылар атындағы паркте штангішілер күш сынасты. Алматылық атлет Аксененко жолдас штангіні қолға алды. Нақпа-нақ қыймыл, міне, 83,1 килограмм салмағы бар штангі колмен жоғары тік көтерілді. Жартылай жеңіл салмақтылар арасынан анағұрлым

қытқа дейі
шабуға, ма
механизация
ланылмай к

Демек, а
шабу мен
шақтық па

Шөпті ш
ғы алшакт
Октябрь, П
колхоздары
аудандарда
шөп маялат
дарда және

ойдағыдай
А. Ким бо
лограмм.

Салмақта
шілер жар
ші орынға
рағандыны
зақстан об
ды.

Су бассе
старт алды
шілер кезд

АЛМАТЫ
зақстандық
сы бойынш
тер бастад

Старт бе
алға ұмты
100 метрге
болып алм
өткен 11,5
міте алм
(Гурьев)
Әйелдер а
кен —алм
Ұзындыққа
сі—5 метр

«Спартак
шылар сы
анықтауда
кі 38 метр
орында да
ряхин.

Ең қыйы
метрге жү
дяйкин (А
келді. Ол
болып фи
актөбелік

Жүзу б
болды. Пр
үшін жүз
ішінен
Оның уақ

Алматы
зіп келеді
қындауда.

РМЫСЫ

жұмысы өскелең й болсын

партия
ман

порны аудан
істің жайы
н болу ке-
бізде саяси-
жақсарту-
ушелері үшін
тақырыпта
а оқылады.
тор бөлмейді.
тор келіп,
әдебиет та-

в мектебінің
си білімін
ық партия
бөлімінің а
е ұйым-
жұмысына
тнейтіндігін,
қызметкер-
лағандығын

ұйымының
вхоз партия
тала келіп,
лі кемшілік-

ің секретары
ыт болған
ру жұмысы,
і коммунисі
іскару және
аудандық
мегі мүлдем

Делегат Донских жолдас (Мамлют совхозының слесарі) бірыңғай шаруашылық жұмыстармен ғана шұғылданушылық партиялық- ұйымдастыру және еңбекшілер бұқарасы арасында саяси- көпшілік ісінің тиісті дәрежеде болуына керісінше әсер ететіндігіне тоқталды. Ол аудандық Совет атқомі жанындағы мәдени- ағарту бөлімінің совхоздағы көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысына ешбір көмек көрсетпейтіндігін, осының салдарынан үйірмелердің жұмысы ойдағыдай болмай жүргендігін айтты. Ол физкультура және спорт комитетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерге де тоқталды.

Аудандық партия комитетінің секретары Мельчакова жолдастың сөзі делегаттарды қанағаттандырмады. Өйткені, оның сөзі өзара сынсыз болды. Мельчакова жолдас өзінің және аудандық комитеттің екінші секретары Беленков жолдастың жұмыста жарамсыз әдіс қолданғандығын, олардың саяси басшы тұрғысынан емес, әкімшілік қызметкері ретінде жұмыс істегендігін айтпады. Бұған оның батылы бармады.

Аудандық партия комитетінің жұмысындағы негізгі кемшіліктің бірі сол — саяси- шаруашылық науқандарды өткізу кезінде аудандық комитет негізінен өкілдерге ғана сүйенеді. Әрине, жұмыстың орындалу барысында өкілдер белгілі роль атқармайды емес, дегенмен, ең негізгі шешуші күш — жергілікті партия ұйымы, коммунистер, актив екендігін кейбір басшы жолдастар ұмытып кетеді. Осының салдарынан колхоздарға ылғый өкілдер жіберу сыяқты әбден тозығы жеткен әдіс колхоз



Қазақстанның астанасы Алматыда.
СУРЕТТЕ: Қазақ ССР денсаулық сақтау Министрлігінің үйі.
(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Интернационал МТС-дегі құрылыстар

Мамлют ауданындағы Интернационал МТС-де мәдени құрылыс мәселесіне ерекше зор көңіл бөлінуде. Үстіміздегі жылы мұнда көптеген мәдениет орындары салынып жатыр. Жаңа салынған клуб үйінің 300 кісілік залы, артистер репетиция жасайтын бөлмесі бар. Клуб жанынан кітапхана жабдықталып, 10 мың сомның кітабы, көркемөнер дарындылары үйірмесі үшін музыкалық аспаптар, рояль сатылып алынған.

МТС жөндеу мастерскойының іргесі қаланды. Қазір құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде.

МТС жұмысшыларының балалары үшін де зор қамқорлық жасалуда. Қазір мұнда жетіжылдық мектеп үйі салынып жатыр.

Бірінші орынға ие болу үшін жарыс

3-4 август күні теміржолшылар күні күр метіне 200 метр жергі қайықпен жүзу жарысы өткізілді.

Жарыска қаладағы «1 май», «Галантедасы бірінші орынға, «Кожхимик» артелінің командасы екінші орынға, «1 май» артелінің командасы үшінші орынға ие болды. Жеңіп шыққан командаға «Спартак»

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 6 август. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін былай деп хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, бұрынғы шептерде қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Бүгін Халық армиясының зениттік артиллериясы және жау самолеттерін аңдып атушылар отрядтары дұшпанның үш самолетін атып түсірді.

Американ интервенттерінің Кореядағы аюандықтары

ПХЕНЬЯН, 6 август. (СОТА). Соңғы кезде американ авиациясы Солтүстік Кореяның тылдағы бейбіт аудандарын бомбалауды күшейте түсті. Әсресе, республиканың селолық аудандарына сұрапыл шабуылдар жасалуда.

Американ авиациясы бейбіт селоларға бомбалар тастайды, атқылайды, егіндік далаларда жүрген шаруаларды атып өлтіреді, егін шығып келе жатқан шаруалардың егіндік жерлеріне жандырғыш напалм бомбаларын тастайды. Осы фактілердің өзі агрессорлардың жазғы дала жұмыстарын жүргізбей тастауға әрекеттенетіндігін, шаруаларды қырып, республиканы астықсыз қалдыру үшін егінді жойып жібергісі келетіндігін дәлелдейді.

Кореяның орталық телеграф агенттігі (ЦТАК) американ самолеттерінің 11 июльден кейін тағы да бір рет Пхеньян қаласы төңірегін және маңайдағы селоларды сұрапыл бомбалағанын және атқылағанын хабарлады. Әсресе, қаланың солтүстігіне

—Аудандық партия комитетінің насиат және үгіт бөлімі, —деді ол,— біздің коллективте саяси- көпшілік ісінің, коммунистердің өздігінен оқып, теориялық дәрежесін көтеру жайының қандай екенін жете білмейді. Өйткені, бұл бөлім-

лығын өркендету мәселесіне колхоз партия ұйымы жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Колхозда 5 трактор бригадасы бар. Буларды механик Ганжа жолдас қамтыйды. Алайда, ол колхоз механизаторларына нақтылы көмектеспейді. Ал, МТС басшылары бұл мәселені әлі ескерген емес.

қарар қабылдады.

Конференция аудандық партия комитетінің жаңа құрамын сайлады.

* * *

Бірінші пленум ҚК(б)П аудандық комитетінің секретарьлары етіп Закирченко, Бигожин және Хусайынова жолдастарды сайлады.

Соколов аудандық партия жыйналысы

Жуырда Соколов аудандық партия жыйналысы болып өтті. Онда аудандық партия комитетінің жұмысы туралы ҚК(б)П аудандық комитетінің секретары Брикунов жолдас есепті баяндама жасады.

Жыйналысқа қатысушы коммунистер есепті баяндаманы белсене талқылап, ауданның экономикалық және мәдени өміндегі қол жеткен табыстарды атап көрсетумен бірге, оның жұмысындағы кемшіліктердің бетін ашып, оны бауырмал сынады. Аудандық комитет саяси басшы орган ретінде өзінің күнделікті жұмысында саяси және шаруашылық жұмыстарды ұштастыра жүргізу әдісін толық игере алмай келеді. Ауданда ауылшаруашылық жұмыстары жайының ойдағыдай болмауы, дәнді дақылдардан жоспарлы өнімнің алынбауы, сонымен бірге, МТС-тердің жұмысы қанағаттанғысыз болуы, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның өнімін арттыру жөніндегі міндеттемелердің көп жерлерде ойдағыдай орындалмауы осыдан болып отыр.

—Өткен мал қыстату маусымында,— деді делегат Иванов жолдас,—күтімнің кемшілігінен бірсыпыра малдың, әсресе, жас төлдің шығынға ұшырауына жол берілді. Сонан көп реттерде аудандық партия комитеті және аудандық Совет атқомы, оның ауылшаруашылық бөлімдері тікелей араласпады.

Ворошилов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Прилипко жолдас аудандық партия комитетін басшы колхоз кадрларын іріктеп алу ісінде қателіктер жібергені үшін сынады. Аудандық комитет саяси сауаты және іскерлік қабілеті төмендігіне қарамастан, Фролов дегенді біздің колхозға председатель етіп жібере салды. Мұндай адам сенімді ақтайды ма? Өрине, жоқ. Фролов өзінің қызмет бабымен пайдаланып, ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалады, маскүнемдікке салынды. Сондықтан аудандық комитет оны партия қатарынан шығаруға мәжбүр болды.

Молотов атындағы колхоз трактор бригадасының бригадирі Лавров жолдас Налобин МТС-і директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Дроняв жолдастың тракторлардың бос тұру себептерін білін, оны жақсарту үшін ешбір шара қолданбайтындығын, механизаторлар арасында саяси-бұқаралық жұмысқа бәсшылық жасамайтындығын айтты.

Делегат Санатбаров жолдас өзінің сөзінде аудандық тұтынушылар одағының жұмысын сынады. Ол аталған мекеменің қызметкерлерінің, оның ішінде оның председателі Мальцев жолдастың кооператив мүлкін талан-таражға салғанын, тұтынушыларды және колхоздарды қажетті бұйымдармен кезінде қамтамасыз етпейтіндігін айтты.

Аудандық жол құрылысы бөлімінің меңгерушісі Безруков жолдас аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомын жол құрылысы жұмысына жете көңіл бөлмейтіндігі үшін сынады.

Жарыссөзде сөйлеуші коммунистердің бірсыпырасы аудан партия ұйымдарындағы идеологиялық жұмыстың жайына тоқталып, өткен оқу жылында бірсыпыра саяси мектептер мен үйірмелердің жұмысында елеулі кемшіліктер болғанына, сондай-ақ, ауданда лекциялық насихаттың өрісі тар, дәрежесі төмен екенінде, басшы партия, совет қызметкерлері еңбекшілер бұқарасы арасында саяси баяндамалар жасамайтынына тоқталды.

Жарыссөзде барлығы 33 адам сөз сөйледі.

Партия жыйналысының жұмысына облыстық партия комитетінің секретары Ниязбеков жолдас қатысып, сөз сөйледі. Ол өзінің сөзінде аудан партия ұйымының алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерге тоқталды.

Партия жыйналысы аудандық партия комитетінің және оның тексеру комиссиясының құрамын, сонымен бірге, облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады.

* * *

ҚК(б)П аудандық комитетінің бірінші пленумы ұйымдастыру мәселелерін қарап, аудандық партия комитетінің секретарьларына Брикунов, Козин және Казакова жолдастарды сайлады.

Ш. МҰСӘЛІМОВ.

Колхозды ауыл мәдениетіне көңіл бөлі

Совет ауданындағы «Аралағаш» колхозында мәдени-ағарту жұмыстары колхозшылардың мәдени тілегіне жауап беररліктей дәрежеде жүргізілмей келеді. Мұнда селодағы мәдениет үйі—клубтың төрт қабырғасы қаланып, шатыры жабылғанға төрт жылдай уақыт болды. Бірақ, клуб үйі күні бүгінге дейін пайдалануға берілмей отыр. Егерде колхоз басшылары бұл жұмысты шындап колға алса, аздаған жөндеуден кейін ол клубты пайдалануға беруге болар еді. Амал не, оны ойлап отырған колхоз басшылары жоқ.

Сондай-ақ мұнда спорт алаңы, қонақ үйі жоқ. Колхоз орталығында жалғыз монша бар, оның өзі де жөнделмеген. Мекеме үйлерінің маңына және көше бойына ағаш егу м маңызы барлығын біл шылары бұл жұмысты келеді. Колхоз орталы колхозшылар арасында ция оқу, кітап оқушы сирек өткізіледі. Оқта мәдени-ағарту жұмыст шаруашылық міндеттер тырылмайды.

Колхоз басшылары (уов, партия ұйымының жолдастар), бұл кемші йып, колхоздағы мәдени рын жақсартудың шұғы тырулары керек.

К.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«Б» ОПЕРАЦИЯСЫ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кин

Бүгін және күн сайы
«МАСКАР
Сеанстар сағат 6-8-10

АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ

ССРО Жоғарғы Советінің 1940 жылғы 4 апрельдегі мін қауыпсыздандыру туралы заңына байланысты мемлекеттік қау органдары 1952 жылы қауыпсыздандыру төлемін төлеуге тиісті дандырылған мүліктің аты және бағасы көрсетілген қауыпсызда зын таратуға кірісті.

Азаматтар! қауыпсыздандыру қағазын алысымен оның төле өтіп кетуін күтпей- ақ қауыпсыздандыру төлемін төлеңіздер. наларын:

а) қалада және жұмысшы поселкелерінде: мемлекеттік банк дық банкке, жыйнақ кассаларына, қауыпсыздандыру инспекторла мемлекеттік қауыпсыздандыру агенттеріне;

б) селолық жерлерде: аудандық финанс бөлімінің салық жы ріне төлеу керек.

Қалада және жұмысшы поселкелерінде қауыпсыздандыру төл де агенттен және мемлекеттік қауыпсыздандыру инспекциясының нен № 22—С үлгілі квитанция беруін талап етіңіздер.

Солтүстік Қазақстан облысындағы мемлекеттік қауыпсыздан басқармасы.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Казақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың ор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмес

УШ 01868. Казақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік №